

**2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № А-1/15 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 ақпанда № 5245 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Зеренді ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Т.Хамиевке жүктелсін.

3. Осы қаулының әрекеті 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Зеренді ауданының әкімі*

*А.Мұратұлы*

Зеренді ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы " 15 " қаңтардағы  
№ А-1/15 қаулысымен  
бекітілген

**2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері.**

**Ескерту. Тапсырыс жаңа редакцияда – Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 29.08.2016 № А-6/394 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында тәрбиеленушілер саны				Мектепке дейінгі ұйымдарында бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)			
Балабақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балабақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық
мемлекеттік	жеке меншік			мемлекеттік	жеке меншік		
135	50	75	192	23869,7	21591,8	16921,6	8460,8

**кестенің жалғасы**

Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындарының орташа құны (теңге)				Мектепке дейінгі ұйымдарында бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)			
Балабақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Балабақша		Толық күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық	Жарты күн болатын мектеп жанындағы шағын орталық
мемлекеттік	жеке меншік			мемлекеттік	жеке меншік		
23869,7	21591,8	16921,6	8460,8	8000	15000	8000	4000